

МКҚК "Бөбек"-бөбекжай балабақшасының 2025-2026 оқу жылының "Күншуақ"аралас тобының тәрбие жұмысы туралы талдамалық есебі.

Тәрбиешілері: Кунабаева А.Ж Әбдіхалық А.Б

**Мақсаты:** Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын құру арқылы, балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білімін қалыптастыру.

**Міндеттері:**

- Әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, дамытушы ортасын құру;
- Отанды, ана тілін сүйуге, ұлттық біргеілік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу
- Тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, сөйлеуді дамыту арқылы эмоция дағдыларын қалыптастыра тең бастапқы мүмкіндіктер беру.

Топ құрамы-балалардың жалпы саны жылдың басында -26  
Жас ерекшелігі-2-3жас.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарымен және үлгілік оқу бағдарламасы» басшылыққа ала отырып жасақталған топтың ұйымдастырылған іс-әрекетінің перспективалық жоспары, күн тәртібі, сабақ кестесі бар. Биылғы оқу бағдарламаның өзгеруіне байланысты іс-әрекетің бәрі ойын түрінде өткізілді.

Таңертең баланы қабылдап, ыстығын өлшеп көңіл күйін тексеріп аламыз. Таңертең балалармен топтық жұмыс, жеке балалармен жұмыстар жүргізіледі, бұдан соң ертеңгілік жаттығулар жасалып 9:00-де балалар таңғы асқа отырады.

1-оқу қызметі 9.20 басталып 10.00 де екі оқу қызметі аяқталады.

Оқу қызметінен соң балалар серуенге шығып, балалармен бақылау жұмыстар, әр –түрлі қимылды ойындар ойналады. Балалар серуеннен 11.30 оралып, түскі асқа дайындық жүргізіледі. Түскі ас 11.45-те беріледі. Бесін ұйқы 13.00-15.30 дейін созылады. Ұйқыдан тұрған соң сауықтыру, шынықтыру шаралары жүргізіледі. Бесін ас 15.30-16.00 аралығында беріледі. Бұдан соң еңбектер түрлі дидактикалық сюжеттік ойындар тақпақтар жоспарланған жоспар бойынша жүргізіледі.

Жыл басында жылдық жоспар біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша алты құндылық негізінде түзіліп, жұмыстар жоспар бойынша атқарылып келеді.

Қыркүйек – Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік айы

Қазан – Тәуелсіздік және Отаншылдық айы

Қараша – Әділдік және Жауапкершілік айы

Желтоқсан – Бірлік және Ынтымақ айы

Қаңтар – Заң және Тәртіп айы

Ақпан – Жасампаздық пен Жаңашылдық айы

Наурыз – Бірлік және Ынтымақ айы

Сәуір – Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік айы

Мамыр – Жасампаздық пен Жаңашылдық айы

**Жұмыс түрлері**

1. Ата-аналармен жұмыс

Жыл бойы балалардың денсаулығын сақтау және нығайту үшін әртүрлі жағдай жасалды. Балаларды жеңіл киіммен жүруді, таза ауада болуды, күн тәртібі бойынша, денешынықтыру жаттығуларына, қимылды ойындарға қызығушылық көрсетуге үйренеді.

Күнде 8-10 минут көлемінде ертеңгілік жаттығу өткізілді. Жыл барысында балаларға гигиеналық этикалық дағдылар үйретілді. Барлық тәрбиеленушілер қол жууды, әсіресе ас алдында, серуеннен келгенде, өзінің жеке сүлгісімен сүртінуді біледі. Жеке заттарымен тарақ, жеке орамал, түбекті қолдануды үйренді.

Жыл басында «Күншуақ» тобының жылдық жоспарына сәйкес «Балабақша мен отбасы» атты тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді.

Ата-аналар комитеті сайланды. Сонымен қатар балаларды балабақшадан қалдырмауға, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің жұмыс жоспарымен, күн тәртібімен таныстырылды. Ата-аналармен "Жүректен жүрекке" атты тақырыбында педагог-давалетова Л.Ю тренинг өткізді. Ата-аналарға сауалнамалар таратылды.

Ата-аналар комитеті сайланды олар:

1 Даумишарова Ш.

2.Марсова Г сайланды.

Ата-аналар балабақша ережелерімен таныстырылды.

Жиналыс барысында балаларға керекті құрал-жабдықтар, балабақшадан қалдырмауға, балабақша төлемақысын уақытында төлеу, ұйымдастырылған оқу қызметінің жұмыс жоспарымен таныстырылды. Балаларға оқу қызметінде әр баламен жеке жұмыстарда көңілді, қызықты өту үшін әр оқу қызметі ойын ретінде өткізілді. Ата-аналар жиналысының шешімі: Балаларды таңертең балабақшаға уақтылы алып келу. Балаларды себепсіз балабақшадан қалдырмау.

Біртұтас тәрбие, Адал азамат бағдарламасы бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі ойын түрінде өтеді, көңілді қызықты өту үшін әр оқу қызметіне көрнекіліктер мен дидактикалық ойындар кіріктірілді және дидактикалық материалдар, сонымен бірге лепбукпен толықтырылды.

Ата-аналар бұрышында әр түрлі ақпараттармен, ата-аналарға арналған жадынамалар мен ережелермен таныстырылды.

Ұлттық бұрышы, оңашалану бұрышы жасалды.

**Жыл барысында мерекелік іс-шаралар өткізілді:**

Қыркүйек айында

«Туған тілім-тұғырым» тақырыбында тілдер күніне орай мерекелік тәрбие сағаты өткізілді.

Отбасы күніне орай «Менің отбасым», «Отбасым-бақытым» тақырыбында ата-аналар видеоролик жасады.

Қазан айында

«1-Қазан Халықаралық Қарттар күніне» орай тобымыздың қарттарын құттықтап видеоролик жасалды.

25қазан «Республика күніне» орай мерекелік іс-шара өтті.

Мақсаты: кішкентай бүлдіршіндерге елге,туған жерге деген сүйіспеншілікті ұялату және мемлекеттік мерекенің мән мағынасын түсіндіру.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы»бағыты бойынша балаларға өрт қауіпсіздігі туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

«Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Ертегілер әлемі» тақырыбында іс-шара өткізілді.

Мақсаты: Балалардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту, сан алуан әдеби қызығушылығын арттыру,көркем әдебиетке деген қызығушылығын қалыптастыру.

6 қазан күні «Күншуақ» тобының балаларымен «Жүгері» күнін атап өттік.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында «Күз жәрмеңкесі» тақырыбында іс-шара өткізілді.

25 Қазан Республика күніне орай «Менің отаным-Қазақстан» тақырыбында «Күншуақ» тобында іс-шара өткізілді.

«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» тақырыбында спорттық ойындар ұйымдастырылды.

25қазан «Республика күніне» орай «Көк туым менің» ұйымдастырылған оқу қызметі өткізілді.

«Жаса Қазақстан» флешмоб биін балалар биледі.

#### Қараша айында

«15 қараша Ұлттық Валюта» күніне орай «Біздің ақшамыз- теңге» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

Мақсаты: Балаларға ақшаның атауын үйрету,Теңгені ұлттық ақша екенін түсіндіру. Еңбек пен үнемшілікке тәрбиелеу.

«Жасыл балабақша» жобасы -Экологиялық білім беру мен мәдениетті қалыптастыру.

«Жасыл балабақша» жобасы аясында «Күншуақ» тобының балалары топырақты,гүлдерді бақылап,гүлдерге су құйып,оларға күтім жасауды үйренді.

25-ші қараша бүкіл әлемдік "Зорлық-зомбылыққа жол жоқ" акциясы болып өтті. Осы акцияда ата-аналарға жадынамалар таратылды.

#### Желтоқсан айында

«16желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік» күніне орай «Тәуелсіздік-тұғырым» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

Мақсаты: Балаларға Қазақстан Тәуелсіздігі туралы алғашқы түсініктер бере отырып,туған жерге деген сүйіспеншілігін ояту,мемлекеттік рәміздерді танып- білуге қызығушылығын арттыру.

«Көк туым менің» флешмоб биін балалар биледі.

«Жасыл балабақша» жобасы -Экологиялық білім беру мен мәдениетті қалыптастыру мақсатында «Бөлме гүлдері» тақырыбында «Күншуақ» тобының балалары гүлдерді бақылап,гүлдерге су құйып,оларға күтім жасауды үйренді.

«16желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік» күніне орай

«Менің Отаным-Қазақстан» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

Мақсаты: Балаларды Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерімен таныстыру.тұдағы түс,күн,қыран және ою-өрнектің мағынасын түсіндіру.

Саусақ моторикасын,көз-қол координациясын дамыту.

«Жасыл балабақша» жобасы -Экологиялық білім беру мен мәдениетті қалыптастыру мақсатында «Судың қасиеттері: тұзды және тұщы су» тәжірибелік жұмыс ұйымдастырылды.

Мақсаты: Балаларға судың әртүрлі болатынын түсіндіру(тұзды және тұщы),тұз қосылған судың қасиеті өзгертінін тәжірибе арқылы көрсету.

Балалардың танымдық қызығушылығын,ойлау және бақылау қабілеттерін дамыту.

«Қош келдің Жаңа жыл» ертеңгілігі өткізілді.  
Ата-аналармен «Өз Аяз Атаңызды табыңыз! ойыны өткізілді.

Қаңтар айында

«Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Кітап-біздің досымыз» тақырыбында іс-шара ұйымдастырылды.

“Вулкан” эксперименттік әдісі өткізілді.

“Қош бол, аяз ата” атты жаңа жылдық іс-шара өткізілді.

“Сыңарын тап” дидактикалық ойыны.

“Менің әкем полиция қызметкері” республикалық байқауының аудандық кезеңінен Аспантаева М, Боранбай Б, Жолжан А, Сериков А 2 дәрежелі дипломмен марапатталды.

“Жыл мезгіліне сай киінеміз” дидактикалық ойыны.

Әкелер мектебі “Құстарға қамқорлық жасайық” акциясы аясында Аспантаева М, Боранбай Б, Ерланқызы М, Талғат А, Сакашева Х, Новаселова В әкелерімен құстарға жемсауыт жасап әкелді.

“Құстар-біздің досымыз” жапсыру.

Ақпан айында

Сенсорика “Түстерді ажыратамыз”

“Түрлі түсті қарлар” қар үстіндегі сурет.

Ашық ұйымдастырылған іс-әрекет “Гүлдер әлемі” өткізген Кунабаева А.Ж

Ашық ұйымдастырылған іс-әрекет “Су асты әлеміне саяхат” өткізген Әбдіхалық А.Б.

“Адалдық дүкені” республикалық акциясының аудандық кезеңінен тәрбиеші Әбдіхалық А.Б I дәрежелі дипломмен марапатталды.

“Заң мен Тәртіп” иеделолиясын ілгерілету аясында “ Біріңғай ортақ қауіпсіздік күні” республикалық акциясы.

“Мұз үстіндегі пингвин” жапсыру әс-әрекеті.

“Ұлттық құндылықтар” үстел үсті ойындар.

Наурыз айында

1 наурыз- “Алғыс айту” күніне орай бүлдіршіндеріміз балабақша ұжымына құттықтау арнады.

“Барлығыңызға алғыс” челленджі ұйымдастырылды.

08.03 Халықаралық Әйелдер мерекесіне орай «Аяулы анашым» тақырыбында ертеңгілігі өткізілді.

14.03 Көрісу Амал мерекесіне орай «Амал келді-Жыл келді» челленджі ұйымдастырылды.

16.03 “Мәдениет пен ұлттық салт-дәстүр күні” үстел үсті ойындары.

17.03 “Шаңырақ” күні жапсыру іс-әрекеті ұйымдастырылды.

18.03 “Ұлттық киім” күніне арналған іс-шара өткізілді.

19.03 “Қош келдің-Өз Наурыз” атты Даналық мектебі: Аталар, Аналар, Әжелер мектебімен ертеңгілік өткізілді. Әжеміз наурыз көженің жасалу жолымен таныстырды, ісімер анамыз қыздарымызбен кестелесе, атамыз Ұлыстың Ұлы күнінде ақ батасын арнады.

20.03 “Ұлттық спорт” күні дене шынықтыру жетекшісімен бірлесе ұлттық ойындар өткізілді.

“Көктемгі ағаштар” дәстүрден тыс сурет салу.

“Айналамыз толы гүл” дидактикалық ойыны.

## Сәуір айында

1-Сәуір "Құстар" күніне "Құстар-біздің досымыз" атты іс-шара өткізілді.

12-сәуір "Ғарышкерлер күніне" орай "Ғарыш әлемі" тақырыбында іс-архет өткізілді.

"Заң мен тәртіп" идеологиясы аясында "Бірге ойнаймыз" сыпайы қармал-жатынысты қалыптастыруға арналған іс-шаралар ұйымдастырылды.

13-сәуір "Үздік педагог" республикалық байқауының аудандық кезеңінен тәрбиеші-Әбдіқалық А.Б 3-орын иегері атанды.

"Біздің бау-бақша" балалармен бірге пияз отырғызылып, бақылау жұмыстары жүргізілді.

"Жасыл балабақша" жобасы аясында балалармен "Сарымсақ" еттік.

"Аяңды таны да, орныңды тап" қимылды, танымдық ойын ұйымдастырылды.

"Кім жылдам" қимылдық ойыны.

"Ретмикалық ойындар" өткізілді.

"Шаштараз" рөлдік ойыны.

"Әр ойыншықтың өз орыны бар"

"Кім жылдам" қимылдық ойыны өткізілді.

"Заң мен тәртіп" идеологиясы аясында "Тыңдаймыз және ойнаймыз" атты түсіндіру жұмыстары, үстел үсті ойындары ұйымдастырылды.

Дене шынықтыру "Көңілді эстафета" ойындары ұйымдастырылды.

## Мамыр айында

1-мамыр "Бірлік күніне" арналған іс-шара ұйымдастырылды.

7.05 Отан қорғаушылар күніне байланысты тәрбие сағаты өткізілді.

«Ерлік-елге мұра, ұрпаққа ұран» Ұлы Жеңіс күні мерекесіне орай тәрбие сағаты өткізілді.

15 мамыр «Отбасы-күіне» орай "Ана-отбасының жүрегі" тақырыбында сурет көрмесі ұйымдастырылды.

"Отбасы-бақыт мекені" тақырыбында Аналар мектебімен көңілді сайыс векторинасы өткізілді.

Қимылды ойын "допты себетке сал" .

"Допты үрле" тыныс алу жаттығулары өткізілді.

Тәрбиеші жетістіктері

**Әбдіхалық Айсезім Болатбекқызы**

1. “Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогі” республикалық байқауының аудандық кезеңі ІІІ дәрежелі диплом.
2. “Педагогикалық олимпиада” 2 орын.
3. “Заң мен тәртіп” идеологиясы аясында “Адалдық дүкені” республикалық акциясы аудандық кезең 1 орын.
4. “Менің әкем полиция қызметкері” сурет байқауы аудандық кезең 2 орын  
негерлері: Аспанбаева М, Амангелді А, Абат Ә, Жолжан А. Жетекші: Әбдіхалық А.Б